

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Отбасылық медицина» кафедрасы Жағдайлық есептер | 044-69/26() 3 беттің 1 беті | |

Фтизиатрия пәнінен аралық бақылауға арналған жағдайлық есептер

Мамандық: 7R01138 «Отбасылық медицина»

Пәннің аталуы: Фтизиатрия

Пән коды: R-Ftr

Оқу сағатының көлемі: 120 сағат (4 кредит)

Шымкент – 2021ж.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Отбасылық медицина» кафедрасы Жағдайлық есептер | 044-69/26() 3 беттің 2 беті | |

Фтизиатриядан резиденттерге арналған жағдайлық есептер

№1 жағдайлық есеп

4 жасар қыз бала. Перзентханада егілген. БЦЖ тыртығы - 4 мм. Туберкулезбен қатынас анықталмаған, Интоксикация белгілері байқалмайды. Манту сынамасы: 1 жыл - 11 мм; 2 ж. - 9 мм; 3 ж - 7 мм; 4 ж. - 3 мм.

Туберкулинді сезімталдылықтың сипатын айтыңыз.

№2 жағдайлық есеп

Фтизиатр дәрігерге 9 жасар М. баланың анасы шағымданып келді: түнгі тершендікке, ұйқының тынышсыздығына, мазасыздыққа. Интоксикация белгілері жоқ. Перифириялық лимфа бездері ұлғаймаған. Туберкулезді қатынаста болмаған. Туберкулинді сынама алғаш рет оң мәнді – папула 13 мм. Рентгенде - өкпеде өзгеріс анықталмайды.

Мүмкін болатын болжам диагноз?

№3 жағдайлық есеп

4 жасар бала, туберкулез аурумен ауыратын ағасымен қатынаста болған. Тексеру барысында жалпы интоксикация белгілері, параспецификалық реакциялар, микрополиадения, алғаш рет оң мәнді туберкулинді Манту сынамасы – папула 8 мм. **Диагнозды нақтылауда дәрігер қандай қосымша зерттеу жүргізу қажет ?**

№4 жағдайлық есеп

30 жасар ер кісі, екі ай бойы туберкулезге қарсы химиотерапия қабылдайды: (пероральді және парентеральді) өкпенің инфильтративті туберкулезі ыдырау фазасы бойынша, ТМБ+. Соңғы кезде естудің төмендеуі байқалады.

Төменде келтірілген препараттардың қайсысы науқаста осындай жанама әсер тудырады?

№5 жағдайлық есеп

Науқас К. 25 жаста, алғаш анықталған S1 оң жақ өкпенің инфильтративті туберкулезі, БК+ стационарда 2 ай болған, 4 АБП интенсивті фаза жүргізілген және 4-ай жалғастырушы фаза. Бактерия бөлу тоқтады. Рентгенде – S1 оң өкпеде фокустар анықталды, d – 3 см.

Сіздің болжамды диагнозыңыз?

| | |
|--|--|
| O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Отбасылық медицина» кафедрасы Жағдайлық есептер | 044-69/26() 3 беттің 3 беті |

№6 жағдайлық есеп

5 жасар бала Г.Тәбетінің төмендеуіне, жалпы әлсіздікке шағымданды. Анамнезінен: активті туберкулезбен сырқаттанған ағасымен қатынаста болған . Объективті: жағдайы ауыр, сопорозды, айқын интоксикации симптомдары, температура 39 көтерілген, терінің бозаруы, тәбетінің төмедеуі, ентигу, тынысың әлсіреуінің фонында өкпенің барлық аймағынан құрғақ сырылдар естіледі. Рентнограммада: екі жақ өкпеде ұсақ ошақты интенсивтілігі төмен көлеңкелердің болуы.

Диагнозды нақтылау үшін тексерулердің қайсысын тағайындаған жөн?

№7 Ситуациялық есеп

6 айлық бала. Перзентханада екпе жасалды, бірақ сол иығында БЦЖ тыртығы байқалмайды. Шағымы жоқ. Интоксикация симптомдары жоқ. Туберкулез науқастарымен қатынас анықталмады.

Дәрігердің балаға жүргізетін тактикасы?